

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ БОЛЬШЕВИКТІК ҮКІМЕТ КЕЗІНДЕ ҚАРАЛАНУЫ

Жақан Назерке Қанатқызы

naz-28-07@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультеті, Тарих факультетінің студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Е.Е. Сайлаубай

XX ғасырдың 20-30 жылдары қалыптасып келе жатқан кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйеге қарсы тұрған, осы кезеңдегі ел иқамын ойлаған зиялылар талай тар жол, тайғақ кешулерді, қуғын-сүргін, ауыр азапты бастарынан өткізді.

Қазақ халқының Ресей отаршылығына қарсы үздіксіз жүргізілген ұлт-азаттық күресіндегі ең маңызды кезеңдерінің бірі- XX ғ. Басында бастау алған Алаш қозғалысынан бастап, Кеңес үкіметінің Қызыл науқанына дейінгі кезең. Алаш қайраткерлері қазақ халқының ұлт-азаттық күресін жаңа сапалық деңгейге көтерді, бейбіт-дипломатиялық, саяси ұстанымдар қатарына көтерді. Сонымен бірге, бұл тарихи белес өздерінің қоғамдық-саяси қызметтерінде қайраткерлік, ұйымдастырушылық, дипломатиялық және шығармашылық қасиеттерімен дараланған біртуар азаматтарды (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж.Ақбаев, М.Тынышпаев, Х. Ғаппасов т.б.) танытты, тарих сахнасына шығарды.

Коммунистік партия үстемдік құрған кезде қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы мен Алаш қайраткерлерінің көзқарастарын, идеялары мен қызметін объективті тұрғыдан зерттеуге тыйым салып, оларға сан алуан жағымсыз айдар тағып бақты. Кеңес өкіметі тұсындағы Алаш қайраткерлерінің қаралануын тарихи шындық тұрғысынан зерттеп, баға беру тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Алаш қозғалысының большевиктік өкімет кезіндегі қаралануын зерттеп, қарастыру.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Қазақстан Республикасында бүгінде қалыптасу процесін өткеріп отырған демократиялық жаңғырулар барысында ел тарихының "ақтаңдақтарына" айналып келген көптеген күрделі де тартысты тарихи мәселелерге жаңа сындарлы зерттеулер жүргізу, ұлттық мақсат пен мүддені және автономия идеясын іске асыруға атсалысқан Алаш қайраткерлерінің қудалануы мен қаралануын мұрағат құжаттары арқылы талдау аталған тақырыптың ғылыми жаңалығын құрайды.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы: Зерттеудің өзекті мәселесі бойынша пайдаланылған мұрағат және құжаттық деректер негізінде кейбір теориялық тұжырымдар мен толықтырулар, ұлттық жаңғыртуға бастаған, ұлттық егемендік дәрежесін көтерген Алаш қозғалысы мен оның қайраткерлеріне арналған мәселелер бойынша жұмыстың нәтижесін мектеп мұғалімдері мен оқушылары, жоғарғы оқу орнының студенттері пайдалануға болады.

1925 жылдың тамыз айында Өлкелік партия комитетінің хатшысы болып Ф. Голощекин тағайындалды. Ол қазақ зиялылары арасындағы "жікке" ерекше саяси баға беріп, Қазақстанда өзінің жеке билігін орнату ісіне осы мәселені шебер пайдалана білді.

Ф. Голощекиннің алғашқы күндерден-ақ алға қойған мақсаты — ұлттық мүддені, елдің экономикалық ерекшелігін ескере отырып жұмыс жасауды ұсынған ұлт коммунистерінің белсенді бөлігін биліктен ығыстыру болса, екінші бір көздегені алашорда құрамында болған қазақ оқығандарын партия басшылығындағы жауапты қызметтерден қуу болатын.

Ал, 1917 жылы қарашада Түркістан Кеңестерінің III съезі: "Қазіргі кезде мұсылмандардан жоғары өлкелік төңкерісшіл өкімет органдарына еңгізуге болмайды" — деген ұлт намысына тиетін қарар шығарды. Большевиктердің ұстанған бұл саясаты —

ұлттық теңдік пен автономия алу жолында тәуелсіздік үшін белсене күрескендерді анықтап, артынан айдар тағып, айыптап қуғындау үшін жасалған арандатылушылық саясат болды.

Тәуелсіздік пен еркіндікке ұмтылған Түркістан автономиясы мен Алаш автономиясын большевиктер қарулы күш қолданып жойды. Түркістан автономиясының басшысы М. Шоқай шетелге кетіп бас сауғалады.

1930 жылы 4 сәуірде Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып сынды 14 қайраткерлердің сотталуы сол кездегі қуғын-сүргіннің ең зоры және басы болды. Әрине, оған дейін де «ұсақ-түйектер» болған, бірақ 4 қайраткерді ату жазасына бірден кесу, содан Жүсіпбек Аймауытовтың атылып кету фактісі қазір айтуға ғана оңай.

1935 жылы 5 қаңтарда Қазақ Өлкелік БК(б)П Комитетінің бюросы отырысында "Большевик Казахстана" басылымындағы "Оппортунистік галиматъя (1934 жылы 30 желтоқсандағы санында жарияланған) деген мақаласында "партияға осыдан кейінгі, шұғыл түрдегі Ішкі Істер Халкомы Ежовтың қол қойылған №00447 бұйрықты айтуға болады, бұл арқылы 268 950 адамды репрессияға ұшыратып, оның 75 950 ату жазасына кесу көзделді. Таланттың тағдырын талқыға салған, тұлғаларды тұқыртқан жазалау науқанының кезекті бір науқаны былай аяқталды: «Қазақстандағы біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың » төтенше өкілеттігінің жанындағы үштіктің мәжілісінің № III/к мәжіліс-хатының көшірмесі. 1932 жыл. 20 көкек.

Тыңдалды: № 2370-іс бойынша : Тынышбаев Мұхамеджанды, Досмұхамедов Халелді, Досмұхамедов Жаһаншаны қылмыс кодексінің 58/10, 57/7, 58/11 және 58/3-статьялары бойынша; 2. Үмбетбаев Алдабергенді, Мурзин Мұхтарды ҚК 58/7, 58/11-статьялары бойынша; 3. Мұңайтбасов Әбдірахманды ҚК 58/4, 58/11-статьялары бойынша; Кемеңгеров Қошмұхамедті, Бұралкиев Мұстафаны ҚК 58/10, 11-статьялары бойынша; Күдерин Жұмақанды, Қожамқұлов Нашимді ҚК 58/11-статьялары бойынша; Ақбаев Әбдұлхамитті ҚК 58/11 және 16-статья бойынша; Ақбаев Жақыпты ҚК 58/10, 59/3-статьялары бойынша; Қадырбаев Сейтазымды ҚК 58/7, 11-ст. бойынша; Омаров Әшімді ҚК 58/10, 7, 11-ст. бойынша; Тілеулин Жұмағалиды ҚК 58/2-ст. бойынша; Ермеков Әлімханды, Әуезов Мұхтарды ҚК 58/7, 10, 11 -ст. бойынша Омаров Уәлиханды, Сүлеев Біләлді 58/2-статьясы бойынша; Ысқақов Даниалды ҚК 58/10, 11-статьялары бойынша жауапқа тартты.

Жалпы сталиндік қуғын-сүргін көлемі әлі толық анықтала қойған жоқ. Кей деректерде 1937—1938 жылдары қазақстандықтардың 44 мыңы түрмелерге түсіп, 22 мыңы атылды десе, басқа деректер 1928—1950 жылдары 100 мыңнан астам адам репрессияға ұшырады, оның ішінде 20 мыңнан астамы атылғанын айтады.

Қазақстан картасында Карлаг деген ерекше тәртіптегі Қарағанды еңбекпен түзеу лагері пайда болды. Тоталитарлық тәртіп туындатқан тағы бір лагерь — Алжир деп аталды. Жаппай репрессияға ұшырағандардың отбасы да қуғындалды. Алжир лагерінде осы қуғынға ұшырағандардың әйелдері ұзақ жылдар бойы мерзімдерін өтеп отыруға мәжбүр болды. Кеңес үкіметі жүргізген қуғын-сүргін саясаты нәтижесінде осы қуғынға ұшырағандарды орналастырып, оларды бақылайтын басқару органы ГУЛАГ пайда болды.

Қорытынды

Ақпан революциясының жеңісі қазақ қоғамы үшін шын мәнінде ең қастерлі де қымбатты күндерінің бірі болған еді. Өйткені, бостандықты аңсап келген жұрт үшін үлкен рухани сілкініске жол ашып берді. Қоғамда бұрын соңды болып көрмеген саяси белсенділікке жол ашылды. Міне, осы кезеңнен бастап жергілікті жерлердегі зиялылар қауымы қоғамдық-саяси қызметке толық араласуға мүмкіндік алды. Осындай көңіл-күйді пайдаланып қазақ ұлтының көшбасшылары береке-бірлігінен айырылған, бөлшектенген қазақ қоғамын идеялық тұрғыда біріктірудің жолы ретінде Алаш - ұлттық-мемлекеттік идеясын ұсынды. Бұл идеяны халықтың санасына сіңіру бағытында идеологиялық механизмдерді қалыптастырып, маңызды іс-шараларды жүргізе бастады. Сонымен бірге, бұл кезеңде қазақ халқы өзінің ұлт-азаттық күресінің тарихында алғашқы рет ұлт ретінде тұтастық маңызға ие болып, идеялық тұрғыда Алаш идеологиясының туы астына біріктіріле

бастады. 20-жылдардың соңынан бастап, партия мен Кеңес өкіметінің идеологиялық, ұлтаралық, экономикалық саясаты өзіне тән ғылыми тұрғыдан зерттелген, істі оңаша бастайтын, іске жарайтын заңдармен емес, партия "көсемдерінің" нұсқауларымен жүргізіле бастады. Патшалық отарлау саясатының тонын айналдырып киген кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе қазақ қайраткерлерінің ұлт қамын ойлаған қай бір ниетін де өздеріне аса қауіпті санап, олардың арман-мақсаттарын тас-талқан етіп үзді. Ғасырдың басындағы зиялыларымыз көтерген ұлттық проблема бүгінгі күнге дейін күрмеуі де, шешуі де қиын мәселе болып отыр. Жаңаша пайымдап, жаңаша түсінуді қажет ететін ұғымның бірі — ұлтшылдық.

Біз түп деректік материалдарды зерттеу нәтижесінде Ф.Голощекиннің қазақ зиялыларына "сәдуақасовшылдық", "қожановшылдық", "рысқұловшылдық" тағы басқа "шылдықтар" атын тағуы, оның ұлттың билік басындағы бетке шығарларын қуғындау үшін ойлап тапқан амалы екеніне көз жеткіздік. Сондай-ақ осы тұстағы баспасөз бетіндегі көптеген авторлардың мақалаларындағы пайымдаулары нақтылы құжаттар емес, олардың ойдан шығарған жасанды тұжырымдары. Ф.Голощекин және оның төңірегіне топтасқан партия белсенділерінің "шылдықтарды" ойлап тауып, жікшілдік ауруын жасанды түрде қоздырудағы мақсаты: ұлт зиялыларының, жалпы ұлттың позициясын әлсірету әрекеті болатын.

Бұл үрдіс келе-келе әміршіл-әкімшіл жүйенің туындауымен үзіліп, тәуелсіздігімізді жариялауға, дербестікке ұмтылыс жасау тұрмақ, емеурін білдіруге де болмайтын, төрешіл де тегеурінді мемлекет ішінде "кіші іні" ретінде өмір сүруге алып келді. Алаш қайраткерлерін саяси қуғын-сүргінге ұшырату мәселесімен, әсіресе Сталин бастаған әміршіл-әкімшіл жүйе негізінде Алаш қайраткерлерінің тарихын зерттеу әліде болашақ еншісі.

Қолданылған әдебиет:

1. Алаш- Орда. Сб. документов\ Сост.: Н. Мартыненко.- Алма-Ата: Айқап,1992-192 с.
2. Брайнин С., Шафиро Ш. К вопросу о роли казахской национальной интеллигенции в 1917году\ Большевик Казахстана.1933№4(28)
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы- Алматы: Санат, 1995.-368б.
4. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты.- Алматы: Қазақ университеті,1992.- 272б.
5. Ш.Қ.О.Қ.З.Т.О. 133-қор,1-т.,1-іс.,45-п.

УДК 961/959 (5Каз)

АЛАШ ИДЕЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФЕНОМЕНІ – ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Иманғалиев Алмас Темірбекұлы

imangaliyev_historian@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Тарих факультетінің студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: З.О.Дүкенбаева

Қазақстан Республикасының дамуы ұлттық, жалпы дамзаттық және демократиялық құндылықтар мен ұстанымдар негізінде биік мұраттарға бағыт түзеп келеді.Тәуелсіздік жағдайында әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық реформалардың іске асырылуы еліміздің мәдени-рухани өміріне жаңа сипат, тың мазмұн беруде. Осындай реформалық өзгерістер отандық тарих ғылымының мазмұнымен, құрылымымен бірге, оның әлеуметтік қызметіне де, жаңартушылық ықпал жасады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Тарих дегеніміз өткеннің ғана сабағы емес, ол едәуір дәрежеде болашақтың да көрінісі. Қазақ тарихы фактілердің өлі қоймасы емес, бұл өзі орасан зор дәйектеуші және дәлелдеуші күш» [1. 38] деген тұжырымы